

Шалқар аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 мамырдағы № 112 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 1 маусымда № 5515 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық мәслихатының сессия төрағасы

А. Қожаниязов

Шалқар аудандық мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2017 жылғы
22 мамырдағы № 112 шешіміне қосымша

Шалқар аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдері

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 20 шілдедегі № 212 "Шалқар ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-138 тіркелген, 2010 жылғы 8 қыркүйекте "Шалқар" газетінде жарияланған) шешімі;

2. Шалқар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 69 "Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 20 шілдедегі № 212 "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3553 болып тіркелген, 2013 жылғы 18 сәуірде "Шалқар" газетінде жарияланған) шешімі;

3. Шалқар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 8 қарашадағы № 113 "Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 20 шілдедегі № 212 "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3690 тіркелген, 2013 жылғы 05 желтоқсанда "Шалқар" газетінде жарияланған) шешімі;

4. Шалқар аудандық мәслихатының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 215 "Шалқар ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2010 жылғы 20 шілдедегі № 212 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4378 тіркелген, 2015 жылғы 03 шілдеде "Шежірелі өлке" газетінде жарияланған) шешімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК